КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 8 шілде №2301-26-00-2/1733 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья Ж.Д.Сейсентаев,
сот отырысының хатшысы Л.А.Канцева болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 4 920 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор К.А.Таргинова
талап қоюшы өкілі З.Ғ.Ғабдол

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2026 жылғы 26 қаңтарда «Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі- талап қоюшы) мен «Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі- жауапкер) арасында мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде №940940000562/260003/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес жауапкер газ қондырғыларына, жабдықтарға, жүйелерге, аппараттарға және газ құбырларына техникалық қызмет көрсетуге, ал талап қоюшы көрсетілген қызметтерді қабылдауға және жауапкер шарттық міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда олардың ақысын төлеуге міндеттенген. Шарттың жалпы сомасы 82 000 теңгені құраған,

қызмет көрсету мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген.

Шарт бойынша жауапкер өзіне алған міндеттемелерді толық әрі тиісінше орындауға, көрсетілетін қызметтердің шартқа қоса берілген техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетуге міндетті болған.

Техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкер Атырау қаласы, Авангард-4 шағын ауданы, 4В мекенжайында орналасқан спорт мектебінің жеке жылу пунктіне және ішкі жылыту жүйесіне кешенді сервистік қызмет көрсетуге, авариялық өтінімдерді тәулік бойы орындауға, жылыту жүйелерін тексеруге, анықталған ақаулар мен су ағуларын жоюға, профилактикалық жұмыстар жүргізуге, сондай-ақ жылыту кезеңінің басталуына, аяқталуына және авариялық жағдайларға байланысты жүйені қосу немесе ажырату жұмыстарын орындауға тиіс болған.

2026 жылғы 12 мамырда талап қоюшы комиссиялық тәртіппен қызметтердің көрсетілмегені және тұрақсыздық айыбын есептеу туралы біржақты акт жасаған. Актіде жауапкердің шарт шеңберінде ешқандай қызмет көрсетпегені, орындалмаған мерзімнің 60 күнді құрағаны және шарттың жалпы сомасының әрбір кешіктірілген күні үшін 0,1 пайызы мөлшерінде есептелген тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы 4 920 теңгені құрайтыны көрсетілген.

«Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі сотқа «Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және жауапкерден 4 920 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің шарт және техникалық ерекшелік бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағанын, шарт жасалған кезден бастап қызмет көрсетуге кіріспегенін, талап қоюшының бірнеше мәрте жолдаған хабарламаларын жауапсыз қалдырғанын және шарт талаптарын бұзуды жоймағанын көрсеткен. Сонымен қатар, міндеттемелердің орындалмауына байланысты шарттың 7.3-тармағына сәйкес 60 күнге есептелген тұрақсыздық айыбы 4 920 теңгені құрайтынын келтірген.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, жауапкердің шарт бойынша ешқандай қызмет көрсетпегенін, бірнеше рет жолданған хабарламаларға жауап бермегенін айтып, талапты толық көлемде қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (бұдан әрі - АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

Прокурор К.А.Таргинова берген қорытындысында талап толықтай қанағаттандырылуға жататынын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме міндеттеменің талаптары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

АК-нің 273-бабында заңдарда немесе шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның талаптарын біржақты өзгертуге жол берілмейтіні белгіленген.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 8-бабы 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін қамтиды.

Осы баптың 4-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес аталған жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 8-бабының 5-тармағына сәйкес осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Сотпен анықталғандай, 2026 жылғы 26 қаңтарда «Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасында мемлекеттік сатып алу қорытындылары негізінде №940940000562/260003/00 көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған.

Шарттың 1.1-тармағына сәйкес жауапкер шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшаларда белгіленген талаптарға, шарттарға және бағаға сәйкес қызмет көрсетуге, ал талап қоюшы көрсетілген қызметтерді қабылдауға және жауапкер шарттық міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда олардың ақысын төлеуге міндеттенген.

Шарттың жалпы сомасы 82 000 теңгені құраған. Қызмет көрсету мерзімі шарт күшіне енген күннен бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленген.

Шарттың 3.1-тармағы бойынша жауапкер өзіне алған міндеттемелердің толық әрі тиісінше орындалуын, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің шартқа қоса берілген техникалық ерекшелік талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндетті болған. Шарттың 5.1 және 5.2-тармақтарына сәйкес қызметтер белгіленген мерзімдерде көрсетілуге және тапсырыс берушіге шарт қосымшаларында көзделген талаптарға дәл сәйкестікте толық тапсырылуға тиіс. Шарттың 6.1-тармағымен жауапкер үздіксіз, сапалы әрі уақтылы қызмет көрсетуге кепілдік берген.

Техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкер Атырау қаласы, Авангард-4 шағын ауданы, 4В мекенжайында орналасқан спорт мектебінің жеке жылу пунктіне және ішкі жылыту жүйесіне кешенді сервистік қызмет көрсетуге міндеттенген.

Көрсетілетін қызметтердің құрамына авариялық өтінімдерді тәулік бойы орындау, бұрандалы қосылыстарды, бекіту арматурасын және ауа жинағыштарды тексеру, жылыту және ыстық сумен жабдықтау жүйелеріндегі су ағуларын жою, құбырлардың жекелеген учаскелерін ауыстыру, профилактикалық жұмыстар жүргізу, жылыту жүйесін маусымдық кезеңге дайындау, сондай-ақ авариялық жағдайлардың себептері мен салдарын жедел жоюға қатысу кірген.

Алайда жауапкер шарт жасалғаннан кейін қызмет көрсетуге кіріспеген және техникалық ерекшелікте көзделген міндеттемелердің ешқайсысын орындамаған.

Іс материалдарында жауапкердің қызметтерді толық немесе ішінара көрсеткенін растайтын көрсетілген қызметтер актілері, есептер, электрондық шот-фактуралар, тапсырыс берушіге жолданған хабарламалар не өзге де құжаттар жоқ.

Керісінше, 2026 жылғы 12 мамырдағы комиссиялық біржақты актімен жауапкердің шарт шеңберінде ешқандай қызмет көрсетпегені тіркелген. Актіде жауапкердің міндеттемелерді орындамаған мерзімі 60 күн деп көрсетіліп, шарт талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбы есептелген.

Талап қоюшы жауапкерге шарт бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігі туралы бірнеше рет электрондық пошта және мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жазбаша хабарламалар жолдаған.

2026 жылғы 28 мамырдағы хабарламада жауапкерге техникалық ерекшелікте көзделген қызметтердің орындалмағаны көрсетіліп, шарттық міндеттемелерді орындау талап етілген. Сонымен қатар, міндеттемелер орындалмаған жағдайда шартты біржақты тәртіппен бұзу, тұрақсыздық айыбын өндіру және жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотқа жүгіну мәселесі қойылған.

Соған қарамастан, жауапкер талап қоюшының хабарламаларына жауап бермеген, шарттық міндеттемелерді орындауға кіріспеген және орын алған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдамаған.

Жауапкер тарапынан шарттың орындалмауына тапсырыс берушінің әрекеттері, форс-мажорлық мән-жайлар немесе өзге де объективті себептер әсер еткені туралы дәлелдемелер ұсынылмаған.

Шарттың 7.4-тармағына сәйкес өнім беруші қызмет көрсетуден бас тартқан немесе қызмет көрсету мерзімін бір айдан астам өткізіп алған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын өндіріп ала отырып, шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

Шарттың 8.6-тармағына сәйкес өнім беруші шартта көзделген мерзімде қызмет көрсете алмаған немесе өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші оған міндеттемелердің орындалмағаны туралы жазбаша

хабарлама жібере отырып, шартты толық немесе ішінара біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

2026 жылғы 4 маусымда шарт жауапкердің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты талап қоюшымен біржақты тәртіппен бұзылған. Шарттың бұзылғаны туралы мәлімет мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған.

Жауапкер шарт бойынша қызмет көрсетуге мүлдем кіріспеген, өзіне қабылдаған міндеттемелердің ешқайсысын орындамаған, тапсырыс берушінің бірнеше рет жолдаған хабарламаларын жауапсыз қалдырған және шартты орындамаудың дәлелді себептерін келтірмеген.

Жауапкердің шарт жасалғаннан кейін ұзақ уақыт бойы қызмет көрсетуге кіріспеуі шарттық міндеттемелердің болмашы немесе қысқа мерзімді бұзылуы ретінде бағаланбайды.

Шарттың нысанасы мекеменің жылыту жүйесінің тұрақты әрі қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге байланысты болған. Техникалық қызметтердің көрсетілмеуі жылыту жүйесінде ақау немесе авариялық жағдай туындаған кезде оны уақтылы жою мүмкіндігін шектеп, мекеме мүлкіне зиян келтіру қаупін туғызған.

Сондықтан жауапкердің міндеттемелерді орындамауы шарт жасасу кезінде талап қоюшы көздеген нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік бермеген және шарттың бұзылуына тікелей себеп болған.

Осы мән-жайлардың жиынтығы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға заңда көзделген негіздердің бар екенін көрсетеді.

2. АК-нің 293-бабына сәйкес борышкер міндеттемені орындамаған немесе тиісінше орындамаған, оның ішінде орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда кредиторға төлеуге міндетті заңдарда немесе шартта белгіленген ақша сомасы айып төлеу деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша кредитор өзіне келтірілген залалды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3-тармағына сәйкес өнім беруші қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған және міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 пайызы мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алуға құқылы. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының жалпы сомасы шарттың жалпы сомасының 15 пайызынан аспауға тиіс.

Талап қоюшы тұрақсыздық айыбын шарттың жалпы сомасы 82 000 теңгеден міндеттемелер орындалмаған 60 күн үшін есептеген:

82 000 теңге × 0,1% × 60 күн = 4 920 теңге.

Ұсынылған есеп шарттың 7.3-тармағына сәйкес жүргізілген, арифметикалық тұрғыдан дұрыс және шартта белгіленген шекті мөлшерден аспайды.

Жауапкер тұрақсыздық айыбының есебіне қарсылық білдірмеген, есептің дұрыс еместігін немесе шарттық міндеттемелердің толық не ішінара орындалғанын растайтын дәлелдемелер ұсынбаған.

АК-нің 297-бабына сәйкес, егер төленуге тиісті тұрақсыздық айыбы кредитордың шеккен залалдарымен салыстырғанда тым көп болса, сот борышкердің міндеттемені орындау дәрежесін және тараптардың назар аударуға лайықты мүдделерін ескере отырып, тұрақсыздық айыбын азайтуға құқылы.

Бұл жағдайда өндіріп алу талап етілген 4 920 теңге шарттың жалпы сомасының 6 пайызын құрайды, шартта белгіленген 15 пайыздық шектен аспайды және жауапкердің міндеттемелерді толық орындамау мерзіміне сәйкес есептелген.

Жауапкер тұрақсыздық айыбының міндеттемені бұзудың салдарына анық мөлшерлес еместігін дәлелдейтін мән-жайларды келтірмеген. Осыған байланысты сот тұрақсыздық айыбын азайтуға негіздер жоқ деп есептейді.

Осылайша, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және одан 4 920 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талаптар заң талаптарына, шарттың талаптарына және іс бойынша анықталған мән-жайларға негізделген, сондықтан толық көлемде қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 109-бабының 1-бөлігіне сәйкес шешім пайдасына шығарылған тарапқа сот екінші тараптан іс бойынша жұмсалған сот шығыстарын өндіріп береді.

Талап қоюшы мемлекеттік баж төлеуден босатылғандықтан, талап қою қанағаттандырылуына байланысты заңда белгіленген мемлекеттік баж жауапкерден мемлекет кірісіне өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының «№1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 4 920 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Arti 666» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 4 920 (төрт мың тоғыз жүз жиырма) теңге тұрақсыздық айыбы, 2 310 (екі мың үш жүз он) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен

бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Ж.Д.Сейсентаев

Көшірме дұрыс:

Судья Ж.Д.Сейсентаев

Заңды күшіне енген күні: 18.08.2026

Судья Ж.Д.Сейсентаев

страницах
Судья Сейсентаев Ж.Д.